

2011 жылға халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 маусымдағы № 108 Қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 05 шілдеде № 11-4-121 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 - 4 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындары (әрі қарай-әлеуметтік жұмыс орындары) меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде (жұмыс беруші) ұйымдастырылсын.

2. Қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі бекітілсін.

3. Қарақия ауданының әкімдігінің 18.03.2011 жылғы № 62 «2011 жылға халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесін бекіту туралы» қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т.Төлешовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Дауылбае

К Е Л І С І Л Д І :

«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ - нің бастығы Ә.Әбдіхалықова

06 маусым 2011 жыл

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ - нің бастығының

06 маусым 2011 жыл

Қарақия

ауданы

әкімдігінің

2011

жылғы

10

маусымдағы

№ 108 қаулысына қосымша

2011 жылға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі

№	Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің атаулары	Халықтың нысаналы топтары бойынша бекітілген барлық жұмыс орындары	Қазақ-стан Респу-блика-сының Қарулы күште-рі қата-рынан боса-ған адам-дар	Жал-ғыз-ілік-ті, көп бала-лы ата-ана-лар	Табы-сы аз адам-дар	Бірде бір жұмыс жаса-май-тын отба-сы	Мүге-дек-тер	Бас бос-танды-нан айыру не-ме-се мәж-бүр-леп емдеу орын-дары-нан боса-тыл-ған адам-дар	Орал-ман-дар	Қазақ-ста Респу-бли-ң Заңдары белгі-лен-гі-тіп-пен рауын-да тұрақ-ты күтім-ді, көмек-ті на да-ғалау-ды қажет ете, таныл-ған дары ба-маттар
1	МКК "Тұрмыс - Сервис"	20	0	5	7	0	1	1	2	0
2	МКК "Мұнайшы - Сервис"	50	0	15	23	0	2	2	2	0
3	ЖШС "Сенек"	30	0	5	17	0	1	1	2	0
	Барлығы	100	0	25	47	0	4	4	6	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК